

Қазақстан Республикасында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 965 қаулысы.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналар:

1) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер мен таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты өңдеу және сақтау халықаралық (жаһандық) деректер беру желілеріне, Интернет желісіне және/немесе халықаралық (жаһандық) деректер беру желілеріне, Интернет желісіне шығатын ақпараттық желілерге, байланыс желілеріне қосылмаған есептеу техникасы құралдарында жүзеге асырылады;

2) халықаралық (жаһандық) деректер беру желілеріне, Интернет желісіне және/немесе халықаралық (жаһандық) деректер беру желілеріне, Интернет желісіне шығатын ақпараттық желілерге, байланыс желілеріне қосылған техникалық құралдарды орналастыру олардың барысында мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын мәселелер талқыланатын кеңестер (келіссөздер) өткізуге бөлінген үй-жайлардан тыс жерлерде орналастырылады;

3) бөлінген үй-жайларда мемлекеттік құпияларды және ақпараттық қауіпсіздікті қорғау жөніндегі талаптарды міндетті түрде орындай отырып, "Үкіметтің мобильдік офисіне" қол жеткізу үшін қажетті мобильдік құрылғыларды қолдануға рұқсат етіледі. Құпия келіссөздер мен мәжілістер өткізу уақытында көрсетілген мобильдік құрылғылар өшіріледі не қызметтік үй-жайдан тыс шығарылады;

4) "Үкіметтің мобильдік офисі" қызметтік ақпаратының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында санкцияланбаған қол жетімділіктен қорғаудың ұйымдық және техникалық шаралары мен Интернет желісінің деректерін берудің жаһандық желілеріне "Үкіметтің мобильдік офисінің" қол жетімділігі үшін пайдаланылатын деректерді беру желілерінде жедел-іздістіру іс-шараларын өткізу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі;

4-1) ҚР Үкіметінің 10.09.2016 № 555 қбпү қаулысымен толықтырылды (өзгеріс енгізілмейді).

5) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.12.2016 № 832 (алқашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.12.2016 № 832 (алқашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.02.16 № 142; 14.03.2013 N 244; 26.06.2014 № 706; 20.12.2016 № 832 (алқашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.09.2018 № 555 кбпү (өзгеріс енгізілмейді) қаулыларымен.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) үш ай мерзімде таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың ведомстволық тізбелерін әзірлесін және бекітсін.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігімен бірлесіп, үш ай мерзімде "Үкіметтің мобильдік офисіне" беруге рұқсат етілген қызметтік ақпараттың тізбесін әзірлесін және бекітсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.02.16 № 142 қаулысымен.

2-1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.12.2016 № 832 (алқашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.12.2016 № 832 (алқашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қаулы 2-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 14.03.2013 N 244 қаулысымен.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы, өзге де мемлекеттік органдарының басшыларына (келісім бойынша) жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 14 наурыздағы
№ 244 қаулысына
қосымша

**Қолжетімділігіне тыйым салынған Интернет желісінің
интернет-ресурстары санаттарының тізбесі**

**Ескерту. Қаулы қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 14.03.2013 N 244;
Күші жойылды - 20.12.2016 № 832 (алқашқы ресми жарияланған күнінен кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**